

## Дене шынықтыру, Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні әдістемелік бірлестігінің 2023-2024 оқу жылындағы жылдық есебі

2023 – 2024 оқу жылында АӘЖТД және дене шынықтыру пән бірлестігі құрамында 9 мұғалім бар. Дене шынықтыру пәнінен – 8 мұғалім, АӘЖТД пәнінен 1 мұғалім. Тамыз айының 31 күні ПӘБ-нің жылдық жоспары жасалынып, мектеп директорының бұйрығымен бекітілді.

Спорттық үйірме жұмыстарына жоспар құрылып, қыркүйек айынан бастап жұмыс жүргізіле бастады. Атап айтар болсақ, волейбол, баскетбол, футбол, үстел теннисі, шахмат, тоғызқұмалақ, дойбы, ұлттық ойындар бойынша үйірмелер жүргізілді. Үйірмеге мектеп бойынша 3 – 11 сыныптар бойынша 60% оқушылар қамтылды.

2023 – 2024 оқу жылы басында мектеп директорының жылдық жұмыс жоспарына сәйкес қыркүйек айында 4-7-9-11 сыныптарға Президенттік сынақ және оқушылардың дене сымбаттылығын анықтау мақсатында оқу көрсеткіштері алынды.

Даталы күндерге орай спорттық жарыстар ұйымдастырылды. 2023 жылдың қыркүйек айынан бастап Ұлттық мектеп лига ойындары кезең – кезеңімен жүргізілді. 2023 жылдың 30 қазан – 5 қараша күндері тоқсандық демалыс кезінде оқушылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру және оқушылардың демалыс уақытын тиімді өткізу мақсатында ұлттық ойындар, шахмат, волейбол, үстел теннисі, баскетбол және футбол ойындарынан сынып аралық жарыстар өткізілді.

Қыркүйек айының 18 жұлдызынан бастап Ұлттық мектеп лига ойындары басталды. Ұлттық мектеп лига ойындарының нәтижесі бойынша 5-6, 7-8, 9-11 сыныптар арасынан

- **Асық атудан** аймақтық кезеңнен 1 орын, аудандық кезеңнен 3 орынды иеленді. Жетекшісі Орынбасаров А.
- **Шахматтан** аймақтық кезеңде 5-6, 7-8 сыныптар бойынша 1 орын, аудандық кезеңде 5-6 сынып 1 орын, 7-8 сынып 2 орын иеленді. Ұлттық мектеп лига ойынында шахматтан аймақтық облыстық іріктеу кезеңінде 5-6 сынып оқушылары 3 орынды иеленді, жетекшісі Асетбеков А.
- Ұлттық мектеп лига ойынында **Жеңіл атлетикадан** жүгіру (кросс) аймақтық кезеңінде 5-6, 7-8, 9-11 сыныптар 1 орын, аудандық кезеңде 7-8 сынып 2 орын, 9-11 сынып 1 орынды иеленді. Ұлттық мектеп лига Жеңіл атлетикадан жүгіру (кросс) түрінен облыстық іріктеуде кезеңінде 9-11 сынып 2 орын иеленді, жетекшісі Асетбеков А.
- Ұлттық мектеп лигасы **Үстел теннисінен** аймақтық кезеңде 9-11 сынып 1 орын, аудандық кезеңнен 2 орынды иеленді, жетекшісі Жұмашов Т.

2024 жылдың ақпан айының 15 жұлдызы күні АӘЖТД пән мұғалімі А.Шоңғараев Кеңес әскерін ауған жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай, «Ерлікке тағзым» тақырыбында 10-11 сынып оқушыларының қатысуымен Ауған ардагерлерімен кездесу кеші ұйымдастырылды. Сәуір айының 22-26 жұлдызы күндері Әскери оқу дала жиыны өткізілді. Әскери оқу дала жиыны жоспарына сай оқушылар арасында спорттық іс шара ұйымдастырылып, мектеп директорының алғыс хатымен марапатталды.

Мамыр айының 13-17 күндері аралығында АӘЖТД және дене шынықтыру пән бірлестігі апталығы жоспарға сай өткізілді. Апталықтың жоспары аясында ашық сабақтар, сынып аралық спорттық жарыстар өткізілді. 17 мамыр күні Ұлы Жеңістің 79 жылдығы және ҚР еңбегі сіңген жаттықтырушы Қ.Кенжехановты еске алуға арналған аудан мектеп оқушыларының арасында волейболдан жарыс өткізілді. Жарыстың нәтежесінде 1 орынды Л.Бөкенов, 2 орынды С.Әліұлы, 3 орынды І.Кеңесбаев мектептері иеленді.

2023 – 2024 оқу жылы мамыр айында мектеп директорының жылдық жұмыс жоспарына сай 4-7-9-11 сыныптарға Президентік сынақ және оқушылардың дене сымбаттылығын анықтау мақсатында оқу көрсеткіштері алынды.

**Дайындаған ПӘБ жетекшісі Д.Нұрәділов**

Бекітемін»

Мектеп директоры:

Г.Момбекова

*Сүгір Әліұлы атындағы жалпы орта мектебінің оқушылары арасында  
«Ауғанстаннан Кеңес әскерлерінің шығарылуына 24 жыл толуына орай»  
спорттың Тир ату, тұмылдырық кию, кір тасын көтеру, қол күрес, арқан  
тарту түрлерінен өткізілетін жарыстың ережесі.*

### *I-Мақсаты мен міндеттері*

Жастар арасында спортты насихаттау

Спорт денсаулық кепілі.

Оқушылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру.

### *II- жарыстың өтетін орны және уақыты*

Жарыс Сүгір Әліұлы атындағы жалпы орта мектеп базасында қауіпсіздік ережесіне сай 14 ақпан күні өтеді.

### *III- жарыстың өту ережесі*

Жарысқа дәрігердің байқауынан өткен 8,9,10 сыныптың ұлдары қатысады.

Әркомандаға 5 оқушы іріктелініп жарысқа жіберіледі.

Жарыс өз ережесіне белгіленген түрінде өткізіледі.

### *IV- жеңімпаздарды анықтау және марапаттау*

Жарыста I-II-III орын алған командалар арнайы мектеп директорының алғыс хатымен марапатталады.

**Дайындаған: А.Шоңғараев**

***Сүгір Әліұлы атындағы жалпы орта мектеп оқушылары арасында  
«Ауғанстаннан Кеңес әскерлерінің шығарылуына 24 жылдығына байланысты»  
тақырыбында спорттың Тир ату, тұмылдырық киіу, кір тасын көтеру, қол  
күрес, арқан тарту түрлерінен \_\_\_ сынып командасынан Сұраныс***

<b>№</b>	<b>Аты жөні</b>	<b>Сыныбы</b>	<b>Туылған жылы</b>	<b>Дәрігердің қолы</b>
1				
2				
3				
4				
5				
6				
7				
8				
9				
10				

**Дәрігер: М.Нүрәділова**

**Команда капитаны: \_\_\_\_\_**

**Сүгір Әліұлы атындағы жалпы орта мектебінің 2021-2022 оқу жылында дене шынықтыру пәнінен жас маманмен жүргізілетін**

**жұмыс жоспары**

<b>Айы</b>	<b>Жұмыс жоспары</b>	<b>Жауапты</b>
Қыркүйек	Жас маманмен әңгімелесу, әдістемелік кеңес беру. Жас мамандарға тәлімгер ұстаздар тағайындау. Оқу бағдарламасы бойынша кеңес беру Бірлестік жұмысына жас маманды тартыу, сабақ жоспарларын жасау үлгілері жөнінде нұсқау беру. Жас мамандарды тәлімгер ұстаздардың сабақтарына қатыстыру.	А.Асетбеков А.Шоңғараев Қ.Есенгелді
Қазан	Педагогикалық-психологиялық міндеттер мен проблемалық ситуацияларды шешу жолдыры. Интерактивті тақтамен және желімен жұмыс жасау жолдары жөнінде кеңес беру.	Ұ.Нысанбаева М.Таласбаев А.Асетбеков
Қараша	Сабақтың түзілуі, құрамы және құрылымы, жас маманмен ашық сабақ өткізу.	А.Асетбеков Д.Нұрәділов
Желтоқсан	Білім беру технологиялары мен әдіс-тәсілдерін қолдану жолдары.	Е.Есмұрзаев
Қаңтар	Сыныппен жұмыс жасау жолдары, ата-аналар жиналысын өткізу барысындағы әдістемелік көмек.	А.Имашова Қ.Есенгелді
Ақпан	Жас маманның сабағына қатысу, Сабақты педагогикалық талдау.	А.Асетбеков Ұстаздар
Наурыз	Жас маманмен сауалнама жүргізу.	А.Асетбеков Н.Жиентай
Сәуір	Мен маман ретінде қалыптасуымды қандай қиындықтарға кезіктім және оны қалай шештім, тақырыбында жас маманмен әңгімелесу	А.Асетбеков А.Шоңғараев
Мамыр	Мамандық сынағынан өтушіні қорытындылау.	А.Асетбеков

**Тәлімгер**

**А.Асетбеков**

**ПӘБ жетекшісі**

**Қ.Есенгелді**

**2022-2023 оқу жылында Сүгір Әліұлы атындағы жалпы орта мектебінің спорт алаңында және спорт залында дене шынықтыру сабақтарын өткізуге**

**АКТ – рұқсаттама**

**Төменде қол қойып, АКТ жасаушылар:**

Мектеп директоры, тәрбие жөніндегі орынбасары мектептің кәсіподақ төрайымы, шынықтыру пәнінің мұғалімдері, медбике, шаруашылық меңгерушісі осы АКТ арқылы төмендегі жайды анықтай отырып, растап қол қоямыз:

1. Мектептің спорт алаңы мен спорт залында еңбекті қорғау нормаларына, қауіпсіздікті сақтау ережелері мен өндірістік тазалыққа, сондай – ақ оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін сабақ өту орындары ұйымдастырылған.
2. Мектеп басшылары мен педагог қызметкерлері, мектеп оқушылары дене шынықтыру бойынша оқыту жұмыстарын жүргізу кезінде сақталуы тиіс қауіпсіздік және тазалық ережелерімен таныстырылды.

**Комессия төрағасы:**

**А.Алшынбеков**

**Комессия мүшелері:**

**М.Таласбаев**

**А.Өміртаева**

**А.Қалдарбекова**

**А.Шоңғараев**

**Д.Нұрәділов**

**А.Асетбеков**

***Сүгір Әліұлы атындағы жалпы орта мектебінде дене тәрбиесі пәнінің оқу бағдарламасының жергілікті жерге байланысты өзгертіліп оқытудың жағдайы туралы мәлімет***

Сүгір Әліұлы атындағы жалпы орта мектебінің дене тәрбиесі пән әдістемелік бірлестігі, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының, жалпы білім беретін мектептің 1-4,5-9,10-11 сыныптарына арналған оқу бағдарламасындағы (Астана 2013) «Шаңғы дайындығы», «Суға жүзу» тарауларына берілген сағаттарын 31 тамыз 2022 жылы №1 педагогикалық кеңестің қаулысымен және педагогикалық кеңестің қаулысын негізге ала отырып берілген мектеп директорының 31.08.2022 жылы №\_\_\_\_ бұйрығымен шаңғы дайындығы сағаттары дала жарысы дайындығымен, суға жүзу сағаттары спорттық ойындармен алмастырылды.

**Мектеп директоры:**

**А.Алшынбеков**

**Дене шынықтыру және**

**АӘД пән бірлестігінің жетекшісі:**

**Қ.Есенгелді**



**Сүгір Әліұлы атындағы жалпы орта мектебінің дене тәрбиесі және А.Ә.Д пән бірлестігінің  
2020-2021 оқу жылындағы бірлестік отырысының жоспары.**

**1-отырыс.**

1. Өткен оқу жылына қорытынды талдау жасау
2. Нормативтік құжаттармен, жаңа бағдарламалар және әдістемелік құжаттармен танысу
3. «Нәтижеге бағытталған білім беру» міндеттерімен танысу
4. Жаңа оқу жылының жоспарын талқылау.
5. Озық тәжірибелі мұғалімдерді зерттеуге ұсыну.
6. Жаңа оқу жылына ашық сабақтарды жоспарлау, кестесін жасау.
7. Біліктілікті арттыру курстарынан өтетін мұғалімдерді анықтау.

**2-отырыс.**

1. Тоқсан қорытындысына мониторинг жасау.
2. Мектеп ішілік жарыс ұйымдастыру.
3. Спорт үйірмелерінің жүргізілуін, кестесін ұйымдастыру.
4. Спорт үйірмелерінің жүргізілуін талқылау.

**3-отырыс.**

1. Жарты жылдық қорытындысына мониторинг жасау.
2. Ашық сабақтарға ену, талдау жасау.
3. Мектеп біріншілігін өткізу (шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ, баскетбол)
4. Аудандық оқушылар спартакиадасына дайындық.

**4-отырыс.**

1. Мектептер арасында жолдастық кездесу ұйымдастыру.
2. Бастауыш сыныптарға дене даярлығы бақылауын өткізу (2-4 сыныптар)
3. Сабаққа ену, талдау, методикалық көмек.
4. Бастауыш сыныптар арасында эстафеталық ойындар өткізу.
5. Пән апталығын ұйымдастыру.

**5-отырыс.**

1. Пән апталығының қорытындысы.
2. Аудандық оқушылар спартакиада қорытындысы, талқылау.
3. Спорт үйірмелерін жүргізген мұғалімдердің есебі.
4. Дене даярлығының бақылауын талқылау. (9-11 сынып)
5. Педагогикалық оқуға ұсынылатын баяндамаларды талқылау.
6. Оқу жылының қорытындысы. Мониторинг.

**Пән бірлестік жетекшісі:**

**А.Асетбеков**

**Аудандық білім бөліміне  
Сүгір Әліұлы атындағы  
жалпы орта мектебінен**

### **Мәлімет.**

Қазақстан Республикасы халқының дене шынықтыру дайындығының президенттік тестілерін өткізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31-желтоқсандағы №1545 қаулысын орындау мақсатында президенттік тестілер тапсырылды.

Сәуір айында өткізілген президенттік сынамада 237 оқушы қатысты. Оның ішінде «Шымырлық пен ептілік» сатысында 4-сынып және 7-сынып оқушылары, «Спорт ізбасарлары» сатысында 9-сынып оқушылары, «Күш пен батылдық» сатысында 11-сынып оқушылары қатысты. 4-сыныптан 88 оқушы қатысты. Оның ішінде 40 ұл бала, 48 қыз бала қатысып, 29 оқушы президенттік деңгей, 27 оқушы ұлттық деңгейді орындады. 7-сыныптан 58 оқушы қатысты. Оның ішінде 29 ұл бала, 29 қыз бала қатысып, 12 оқушы президенттік деңгей, 15 оқушы ұлттық деңгейді орындады. 9-сыныптан 65 оқушы қатысты. Оның ішінде 29 ұл бала, 36 қыз бала қатысып, 12 оқушы президенттік деңгей, 17 оқушы ұлттық деңгейді орындады. 11-сыныптан 26 оқушы қатысты. Оның ішінде 10 ұл бала, 16 қыз бала қатысып, 3 оқушы президенттік деңгей, 9 оқушы ұлттық деңгейді орындады.

**Мектеп директоры:**

**А.Алшынбеков**

**Дене шынықтыру және**

**АӘД пән бірлестігінің жетекшісі:**

**А.Асетбеков**

***Сүгір Әліұлы атындағы жалпы орта мектебіндегі спорт ғимараттары  
жайлы мәлімет***

1. Спорт ойындарына арналған зал

1 размері 23\*11м

Спорт залда жеке-жеке қыздар және ұлдар киім ауыстыратын бөлме бар. Залға кіре берісте техника қауіпсіздік ережелері ілінген. Іші сырланған, әктелген және жарық. Терезелеріне арнайы сым темірлер қойылған. Баскетбол шиттері, волейбол қондырғылары орнатылған.

**Мектеп директоры:**

**А.Алшынбеков**

**Дене шынықтыру және**

**АӘД пән бірлестігінің жетекшісі:**

**А.Асетбеков**

«Бекітемін»

Мектеп директоры

\_\_\_\_\_ А.Алшынбеков

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2020ж

**С.Әліұлы атындағы жалпы орта мектебінің «Президенттік сынақ» және «Ұлттық деңгей» нормативін тапсыру ережесі.**

**1. Мақсаты мен міндеттері.**

Қ.Р үкіметінің 2002 ж 12 маусымдағы №637 қаулысын орындау мақсатында сынақты әрбір оқушы тапсыру міндетті екенін түсіндіру. 4,7,9,11 сынып оқушыларының арнайы икем дағдысы мен біліктілігін анықтау.

**2. Уақыты, өтетін орны.**

С.Әліұлы атындағы жалпы орта мектеп базасында 2021 жылдың 20-25 сәуір аралығында мектептің спорт алаңында өтеді.

**1. Жарысқа қатысатын оқушылар құрамы.**

Дәрігерлік байқаудан өткен 4,7,9,11 сынып оқушылары сынып жетекшілерінің тапсырмасы арқылы сынаққа қатыса алады.

**2. Марапаттау.**

Жоғары көрсеткішке жеткен оқушыларды арнайы алғыспен марапатталады.

**Жарыстың өту тәртібі.**

Сынып	Доп лақтыру		30-60-100м жүгіру		Кермеге тартылу	Кеудені көтеру	Бір орында ұзындыққа секіру		Дала жарысы	
	Ұл	Қыз	Ұл	Қыз			Ұл	Қыз	Ұл	Қыз
4 <sup>а,б,д</sup>	22.04	22.04	23.04	23.04	24.04	24.04	25.04	25.04	26.04	26.04
7 <sup>а,б</sup>	22.04	22.04	23.04	23.04	24.04	24.04	25.04	25.04	26.04	26.04
9 <sup>а,б</sup>	22.04	22.04	23.04	23.04	24.04	24.04	25.04	25.04	26.04	26.04
11 <sup>а,б</sup>	22.04	22.04	23.04	23.04	24.04	24.04	25.04	25.04	26.04	26.04

Орындаған:

А.Асетбеков

# Түркістан облысы

## Созақ ауданы

### Сүгір Әліұлы атындағы жалпы орта мектебі

#### БҰЙРЫҚ

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

#### *Сынақ тапсыру туралы*

1. Жалпы білім беретін мектептердің 4,7,9,11 сынып оқушыларының «Президенттік сынақ» және «Ұлттық деңгей» нормативтерін орындау мақсатында

#### БҰЙЫРАМЫН:

2. Сынақ қабылдау үшін мына құрамада комиссия бекітілсін.

**Бас төреші  
Төрешілер**

Д.Нүрәділов  
А.Асетбеков  
А.Орынбасаров  
А.Тәжібаев  
Н.Жиентай  
Қ.Есенгелді  
Т.Рүстемов  
Т.Жұмашов

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау басшылық жасауды мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Таласбаевқа жүктелсін.

**Мектеп директоры**

**А.Алшынбеков**

**Сүгір Әліұлы**  
**АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА**  
**МЕКТЕП**  
**ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ**  
**2022-2023 ОҚУ**  
**ЖЫЛЫНДА ДЕНЕ**  
**ШЫНЫҚТЫРУ**  
**САБАҒЫНДА ҚАУІПСІЗДІК**  
**ЕРЕЖЕСІН САҚТАУ**  
**КІТАПШАСЫ**